

## 2024–2026 жылдарға арналған 2024 жылғы 12 наурыздағы ұжымдық шартқа

### №1 ҚОСЫМША КЕЛІСІМ

2025 жылғы 29 мамыр

Костанай автомобиль көлігі колледжінің директоры, бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталатын, Д. И. Павленко атынан және ұйым қызметкерлері, бұдан әрі «Қызметкерлер» деп аталатын, олардың өкілі – Костанай автомобиль көлігі колледжінің кәсіподақ ұйымының төрағасы С.В. Дирксен, бұдан әрі «Қызметкерлер өкілі» деп аталатын, төмендегідей қосымша келісімді жасасты:

**1.** 2024 жылғы 12 наурызда бекітілген 2024–2026 жылдарға арналған ұжымдық шартқа келесі өзгерістер енгізілсін:

**1.1. 5-бөлімге «Жұмыс уақыты және демалыс уақыты» келесі тармақпен толықтырылсын:**

5.23. Оқу жылы ішінде бірде-бір рет уақытша еңбекке жарамсыздық парағын алмаған қызметкерге үш күнтізбелік күн көлемінде қосымша ақылы демалыс белгіленсін. Оқу жылы деп 1 қыркүйектен 30 маусымға дейінгі кезең есептеледі.

**1.2. 5.12-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:**

5.12. Кәсіподақ комитетінің босатылмаған төрағасы болып табылатын қызметкерге бес күнтізбелік күн көлемінде қосымша ақылы демалыс белгіленсін.

**1.3. 5.2.6-тармаққа Тараптар келесі қызметкерлер үшін ақылы демалыс мерзімін үш күнге дейін ұлғайтуға келісімге келді деген жолдарды қосу:**

- директордың әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары;
- шаруашылық меңгерушісі;
- жатақхана меңгерушісі;
- заңгер;
- қазақ тілінің аудармашысы;
- бағдарламалық қамтамасыз ету маманы;
- қойма меңгерушісі;
- кадр бөлімінің меңгерушісі;
- мұрағатшы;
- лаборант;
- кадр және арнайы жұмыс жөніндегі инспектор;
- хатшы-іс жүргізуші;
- қоймашы;
- вахтер;
- кастелланша;
- комендант;
- техник-бағдарламашы;
- электрик;
- ағаш ұстасы;
- слесарь-сантехник;
- аула сыпырушы. □

**2.** Ұжымдық шарттың орындалуын Тараптар, олардың өкілдері және тиісті еңбек органдары бақылайды. Бұл ретте Тараптар бір-біріне, сондай-ақ еңбек органдарына тиісті сұраныс түскен күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей қажетті ақпаратты ұсынуға міндетті.

**3.** Аталған қосымша келісімді жұмыс беруші қол қойылған сәттен бастап жеті күн мерзім ішінде тиісті еңбек органына хабарламалық тіркеуге жіберуге міндетті.

**4.** 2024 жылғы 12 наурыздағы ұжымдық шартқа енгізілген жоғарыда көрсетілген өзгерістер 2024–2026 жылдарға арналған және қол қойылған сәттен бастап Жұмыс берушінің барлық қызметкерлеріне қолданылады.

5. Осы қосымша келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 12 наурыздағы 2024–2026 жылдарға арналған ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛЫ:

**Жұмыс беруші:**

КҚКТ директоры

\_\_\_\_\_ Павленко Д. И.

**Кәсіподақ комитетінің төрағасы:**

\_\_\_\_\_ Дирксен С. В.